апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 27/412
10 июля 2015 года

газета издается с 26.06.2004 года

*«Нұр Отан» партиясының қамқорлығы*

## ПАРТИЯ ЖЕТЕКШІСІМЕН КЕЗДЕСУ

Өткен сенбі күні «Нұр Отан» партиясы Қарағанды облысы филиялы төрағасының бірінші орынбасары Қадиша Базарбайқызы Оспанова өзінің тобымен қаламызда болып, «Нұр Отан» партиясы қалалық филиялының кеңсесінде қаланың зиялы қауымымен, мәслихат депутаттарымен және жастар өкілдерімен кездесу өткізген болатын. Кездесуді «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев ашты. Қадиша Базарбайқызы қаламыздағы бір топ жастарды партия қатарына қабылдады және мүшелік куәліктерін салтанатты түрде тапсырды. Партия жұмысының жандануына, саяси науқандарға сүбелі үлес қосып жүрген белсенді партия мүшелеріне Алғыс хаттарын табыс етті.





Кездесуде сөз алған Қ.Б.Оспанова бізге келгенге дейін Шет, Ақтоғай аудандарының орталықтары мен елді мекендерінде, Балқаш қалаларында болып, біздің қалаға да арнайы ат басын бұрғандарын сөз етіп, бүгінде ауылдық жерлердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсарып келе жатқанын, партияның ел арасындағы беделінің артқанын, әсіресе экономикалық ахуалдың жақсаруына үлес қосып отырған кәсіпкерлерге партия тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп отырғанын тілге тиек етті. Қарапайым ауылдардың гүлденіп, өркендеп келе жатқанына көңілінің толғандығын, ондағы тұрып жатқан адам-дардың талпынысына, елдімекендердегі мәдени, спорт кешендерінің, әлеуметтік нысандардың бой көтеріп, ауызсумен тәминделгенін, елдің еңсесі тіктелгеніне риза екенін білдірді. Қаламыздың аз уақыт ішіндегі жекен жетістіктерін, қаланың заманауи қалыпқа енгенін, көптеген тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың бой көтеріп, жолдардың жөнделгенін және жарықтанғанын әңгімеледі.

Партияның алға қойған ауқымды жобаларын насихаттау мен жүзеге асырудағы бастауыш ұйымдардың атқаратын жұмысына тоқталып, партия төрағасы, Елбасы Н.Ә.Назарбаев пен оның бірінші орынбасары Б.Бәйбектің тапсырмаларын орындауда белсенділік, жауапкершілік, ауызбіршілік көрсетілуі қажеттілігін атап өтті. Мемлекет тарапынан аталмыш жобаларға бөлініп жатқан қомақты қаржының мақсатты іске жұмсалуын бақылайтын комиссиялардың міндеттерін айқындап берді. Осындай шараларды атқарудағы партия мүшелерінің, филиалдар қызметкерлері мен жастардың, бастауыш ұйымдардың ролінің маңызды екенін ескертті. «Даму» қорының қарапайым халыққа қолжетімділігін қамтамасыз етуде партияның қолдауының, филиалдар мен кәсіпкерлер, банктер арасындағы байланыстың болуы керектігіне назар аударды.

Кездесуде «Айналайын» балабақшасының басшысы Айткүл Құлмағамбетова өзі басқаратын балабақшадағы атқарылып жатқан жұмыстар мен жеткен жетістіктері жайында баяндады. Бұдан кейін партия



жетекшісі қала кәсіпкерлерімен кездесу өткізді.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
*газеттің арнаулы тілшісі*

*Новости политики*

## ВОЗМОЖНОСТИ ЕАЭС, ШОС И БРИКС В РЕШЕНИИ ГЛОБАЛЬНЫХ ВОПРОСОВ



**Нурсултан Назарбаев принял участие во встрече с лидерами БРИКС,** сообщает **Zakon.kz** со ссылкой на пресс-службу Акорды.

Во встрече приняли участие лидеры стран-участниц БРИКС: Президент России – Владимир Путин, Президент Бразилии – Дилма Руссефф, Премьер-Министр Индии – Нарендра Моди, Председатель Китайской Народной Республики – Си Цзиньпин, Президент Южно-Африканской Республики – Джейкоб Зума, а также главы приглашенных государств.

В ходе встречи были обсуждены вопросы укрепления сотрудничества в интересах процветания и развития, а также состоялся обмен мнениями по наиболее актуальным вопросам международной повестки дня, представляющим взаимный интерес.

**В своем выступлении Президент Казахстана отметил, что саммиты в Уфе являются свидетельством движения его участников в фарватере мировых процессов.**

-Становление многополярного мира, глобальные вызовы и угрозы, а также рост взаимозависимости стран и регионов формируют сегодня новую повестку дня. В этих условиях все большую роль играют такие объединения, как ЕАЭС, ШОС и БРИКС. Горизонтальные и вертикальные линии транспортных коммуникаций дают хорошие возможности для роста. Глобальный финансово-экономический кризис послужил большим уроком для всех нас. Его ценность заключается в осознании международным сообществом одной истины - устранение глубинных проблем, дефектов и неравенства невозможно без объединения усилий, - сказал Глава государства.

**Нурсултан Назарбаев подчеркнул готовность Казахстана продолжить взаимодействие с другими странами в противостоянии вызовам современности.**

-Одним из них является терроризм, вести борьбу с которым возможно, только создав международную сеть под эгидой ООН. Мы должны внести на повестку Дня 70-летия Генеральной Ассамблеи ООН этот вопрос. Терроризм является угрозой всему миру, но, прежде всего, нашему региону, - сказал Президент Казахстана.

Глава государства также обратил внимание, что расширение внешнеэкономических связей, укрепление региональной интеграции, улучшение мировой системы транспортных сообщений составляют основу будущего развития стран.

**В этой связи Нурсултан Назарбаев обозначил ряд приоритетных направлений взаимодействия между государствами, одним из которых является развитие регионального сотрудничества.**

-В свете современных трендов, ЕАЭС становится ключевым звеном в процессе возрождения Великого шелкового пути - как нового этапа в развитии взаимодополняющего сотрудничества между Западом и Востоком. Мощным импульсом в преодолении недоверия стал процесс ШОС. За короткий отрезок времени «шанхайский дух» превратился в символ новой Евразии. Уже сегодня тесный диалог между ЕАЭС и ШОС создает благоприятную почву для начала широкого трансконтинентального сотрудничества. Соединение горизонтальной транспортной артерии ЕАЭС-ШОС и вертикальной транспортной артерии БРИКС способно дать взрывной рост торговли. В будущем это можно рассматривать как общее объединение и общую свободную зону на наших территориях, - сказал Глава государства.

**Кроме того, Глава государства обратил внимание участников встречи на необходимость формирования единой системы финансовой поддержки регионального сотрудничества.**

-Недавно мы решили создать международный финансовый центр «Астана» на платформе всемирной выставки «ЭКСПО-2017». Центр станет ядром финансовой инфраструктуры Казахстана, а в дальнейшем - финансовым хабом всего Центрально-Азиатского региона.

**Нурсултан Назарбаев затронул вопросы обеспечения глобальной энергетической безопасности.**

-Как один из крупных производителей энергоресурсов в Евразии, Казахстан участвует в формировании новой архитектуры энергобезопасности. Благоприятной платформой сотрудничества могла бы стать площадка международной выставки «ЭКСПО–2017» – «Энергия будущего»..., - сказал Глава государства.

**Президент Казахстана отметил важность решения проблемы продовольственной безопасности.**

-По оценкам ООН, в связи с демографическим взрывом, в ближайшие 30 лет потребуется удвоение производства продуктов питания. Казахстан готов внести свою лепту в решение этого вопроса. Наша страна входит в десятку крупнейших экспортеров зерна в мире, - сказал Нурсултан Назарбаев.

**В завершение Глава государства подчеркнул, что влияние последствий мирового кризиса и усугубление ключевых проблем экономического развития делают межгосударственный диалог особенно актуальным и востребованным.**

**источник: www.Zakon.kz**
*(печатается с сокращением)*

## АСТАНА КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Әр жыл сайын дәстүрлі мереке ретінде аталып өтетін Астана күні биыл да елі-міздің барлық түкпірінде жалғасын тапты. Өткен сенбінің кешін өнерпаздарымыз қалалық аланды ән әуенімен әлдиледі. Астана күніне арналған «Жан-жүрегім – Астана» мерекелік концерттік бағдар-ламасында қалаға танымал әншілермен қатар, жас буын өкілдері де өз өнерлерін паш етіп, мерекелік кешке жиналған көрермендеріне көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Өздерінің өнерлерімен қала жұрт-шылығына ғана емес, облыс, республикалық байқаулардың жеңімпаздары болған, танымал әншілер: Талғат Үбісов «Арман қала», Айганша Болысова «Сарыарқа», «Сарыжайлау», Гүлжиһан Урсарова «Бақыт құшағында», «Луна-луна» әндерін тарту етсе, жастар тарапынан Жанарбек Маутов, Жомарт Нұрмағамбет, Қарлығаш Сейдахмет, Қуаныш Медеов, Елена Бычкович, Ирина Спивак, Алиса Бухмирова, Людмила Носоновскаялар қазақ және орыс тілдеріндегі әндерін шырқап, айтулы мерекеге сый жасады. Мерекелік концерт соңы жастардың қатысуындағы би кешімен жалғасын тапты.

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**

**СЦК информирует**

# ВЫСТУПЛЕНИЕ ПЕРВОГО ЗАМЕСТИТЕЛЯ МИНИСТРА ИНОСТРАННЫХ ДЕЛ РК Р.С.ЖОШЫБАЕВА

**09.07.2015 г., Астана, СЦК.**

**Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері,**

Өздеріңізге белгілі болатындай, үстіміздегі жылғы 27 маусымда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Миланда өткен қазақстан-итальяндық бизнес-форумда Қазақстан 2015 жылғы 15 шілдеден бастап бірқатар инвестор-елдерінің азаматтарына визасыз режимді ұзартатынын және оны қосымша 10 елге ұлғайтанын хабарлады.

Осыған орай, осы туралы толығырақ айтып өтуге рұқсат етіңіздер.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан № 483 от 26 июня 2015 года граждане Австралии, Венгрии, Италии, Монако, Бельгии, Испании, Нидерландов, Норвегии, Швеции, Малайзии, Объединенных Арабских Эмиратов, Сингапура, Великобритании, США, Германии, Финляндии, Франции, Швейцарии и Японии, в период с 16 июля 2015 года по 31 декабря 2017 года, освобождаются от визовых требований на срок до 15 календарных дней, с момента пересечения государственной границы РК.

В указанный период граждане вышеназванных государств, являющиеся владельцами всех видов паспортов, признаваемых Республикой Казахстан, могут многократно въезжать, выезжать и следовать транзитом по территории Республики Казахстан без виз сроком до 15 дней с момента пересечения государственной границы, открытой для международного сообщения. При этом количество посещений нашей страны не ограничено.

Данная инициатива Казахстана направлена на укрепление двусторонних партнерских отношений, а также создание благоприятных условий для потенциальных инвесторов, иностранных деловых лиц и туристов в период их пребывания на территории нашей страны. Действие данного Постановления распространяется на всех граждан перечисленных стран, желающих посетить Казахстан с краткосрочными визитами с целью туризма, по частным делам, в гости к родственникам, друзьям и знакомым или ознакомиться с культурой Казахстана, посетить исторические, туристические и природные достопримечательности. Это, в свою очередь, позволит Казахстану активно развивать сферу туризма, что даст мультипликативный эффект по развитию малого и среднего бизнеса, созданию новых рабочих мест и пополнению бюджета страны.

Отмена визовых формальностей также направлена на увеличение числа иностранных инвесторов, бизнесменов и туристов, чей срок пребывания на территории РК, как правило, составляет 15 дней. В этой связи, расходы иностранных граждан во время их пребывания в Казахстане могут в несколько раз превысить сумму консульских сборов, оплачиваемую за получение визы.

Регистрация иностранных граждан перечисленных государств будет производиться непосредственно в казахстанских пограничных пунктах пропуска при их въезде на территорию Республики.

Во время пребывания на территории РК граждане указанных стран не вправе заниматься трудовой и миссионерской, а также иной оплачиваемой деятельностью в соответствии с законодательством страны.

При необходимости продления пребывания граждан вышеперечисленных стран на территории Республики Казахстан свыше пятнадцати календарных дней с деловыми целями, при подаче соответствующего заявления в органы внутренних дел РК в установленном законодательством порядке осуществляется выдача однократных виз категории «деловая» сроком до тридцати календарных дней.

Министерство иностранных дел Республики Казахстан, при наличии ходатайства уполномоченного органа по инвестициям, подтверждающего статус инвестора граждан вышеупомянутых стран в установленном законодательством порядке, осуществляет выдачу однократных виз категории «инвесторская» сроком до девяноста дней и многократных виз сроком до трех лет.

Данный Проект также окажет положительное влияние на приток иностранных туристов во время крупных международных мероприятий, запланированных на ближайшие 2 года, среди которых крупнейшими станут ЭКСПО и Зимняя универсиада.

**План мероприятий «РК-ЕС»**

По поручению Главы государства в настоящее время МИД ведет активную работу и переговоры с Европейским союзом по облегчению визового режима для граждан нашей страны.

Европейская сторона также работает в этом направлении и готова заключить соглашение с Казахстаном об упрощенном визовом режиме и реадмиссии при условии синхронизации казахстанского законодательства с европейскими нормами в сферах борьбы с нелегальной миграцией и организованной преступностью, возвращению лиц, предоставления убежища, управления пограничным контролем (борьба с наркотрафиком), усиления защитных характеристик паспортов и защиты персональной информации, хранящейся в биометрических документах.

Для этого МИД подготовил проект «Плана мероприятий по облегчению визового режима между Республикой Казахстан и Европейским союзом», который предусматривает реализацию государственными органами мер по 4 ключевым направлениям:

1)защищенность документов (включая биометрию);

2)управление миграцией и границами (включая реадмиссию);

3)общественный порядок, безопасность и правовое сотрудничество (защита персональных данных граждан);

4)внешние связи и основные права граждан (свобода передвижений иностранцев в РК, права меньшинств и т.д.).

Мы рассчитываем, что принятие данного документа позволит приступить к предметным переговорам Казахстана с европейскими государствами по заключению соглашений об облегчении визового режима для граждан нашей страны.

В настоящее время указанный План находится в Правительстве и должен быть утвержден в ближайшие дни, о чем будет сообщено дополнительно в СМИ.

**О Международном финансовом центре «Астана»**

В соответствии с Указом Президента №24 от 19 мая 2015 г. О Международном финансовом центре «Астана» и передислокации Национального Банка Республики Казахстан в город Астану было дано поручение Министерству иностранных дел совместно с Национальным Банком РК проработать вопрос введения безвизового режима для граждан ОЭСР, Малайзии и Сингапура.

Согласно Плану мероприятий по реализации данного Указа, введение безвизового режима для граждан вышеуказанных стран запланирован на 1 января 2017 года.

В этой связи, на сегодняшний день ведется работа с компетентными государственными органами РК по реализации Указа Президента.

**Благодарю за внимание.**

# КОНКУРС «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» - ЗЕРКАЛО ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОГО СОСТОЯНИЯ ОБЩЕСТВА

**9 июля 2015 года в Акорде** Государственный секретарь Республики Казахстан, председатель Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте Республики Казахстан Г.Н.Абдыкаликова провела совещание по вопросу проведения республиканского этапа Национального конкурса «Мерейлі отбасы».

Государственный секретарь отметила, что «учреждение по инициативе Главы государства Национального конкурса «Мерейлі отбасы» в Казахстане является ярким показателем повышения заинтересованности государства вопросами укрепления института брака и семьи, духовно-нравственного воспитания в обществе, и поэтому необходимо скоординировать действия центральных и местных исполнительных органов, чтобы он прошел на качественно высоком организационном уровне. Должно быть обеспечено широкое информационное сопровождение Конкурса».

Итоги конкурса в регионах показали, что число семей, принявших участие в Национальном конкурсе «Мерейлі отбасы» в 2015 г., увеличилось в **1,7 раз** (2015г. - 2285, в 2014 г. - 1298). Более **77%** (1767) из общего числа всех участников составляют семьи, проживающие в сельской местности (в 2014 г. - 16% (209).

**Вдвое больше** по сравнению с прошлым годом приняли участие в конкурсе многодетные семьи, **в полтора раза больше** - молодые семьи. Широко представлены **319** семейных трудовых династий, **19** этносов.

Главная ценность этих семей – чувство патриотизма, сохранение и передача из поколения в поколение духовно-нравственных ценностей, основанных на уважении и любви к старшим. Каждый взрослый представитель этих семей – человек труда, простой труженик села или города.

В заключение, Г.Н.Абдыкаликова дала ряд конкретных поручений соответствующим государственным органам.

*Қазақ хандығына – 550 жыл*

# ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ СОҢҒЫ ХАНЫ – КЕНЕСАРЫ ХАН

Керей мен Жәнібек хандар 1465-жылы Қозыбасы деген жерде қазақтын қара шаңырағын көтеріп, елдіктің туын тіккен. Қозыбасы деген жер Жамбыл облысының, Қордай ауданының шығыс жағында екенін бүгінгі тарихшылар ғылыми зерттеу жүргізе отырып анықтады. Бұл туралы Шоқан Уәлихановта Верный бекінісінде болған кезінде Қозыбасы осы бекіністен екі күндік жер екендігін жазып кеткен болатын. Биыл қазақ елі қазақ хандығының құрылғанына – 550 жыл толғанын атап өтуде.

Әлбетте, қазақ хандығының тарихы – алты алаштың, қалың қазақтың шежіресі. Елге қамқор, жұртқа тұлға болған хандар мен батырлардың, билердің тарихы. Қазақ хандығының құрылуы мен оның нығаюы жолында еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін, қаншама адам құрбан болды. Қазақ хандығының ең ақырғы ханы – Кенесары болды. Кенесарының қасында оны қолдаған халықтан шыққан батырлар: Ақжолтай Ағыбай, Иман Басықара, Жәуке, Жанайдар, Таймас, Жоламан, Байтабын, Бұғыбай, Жеке, Кенже, Дулат, Бұқарбай, Саурық, Сұраншы, Байзақ, Байсейіт және тағы басқа батырлар болды.

Жазалаушы топтардың қорқытып үркіткеніне қарамастан Кенесары хан бастаған 1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісін үш жүздің аты аңызға айналып кеткен батырлары ғана емес, барлық ру-тайпалар болып бірауыздан қолдады.

Кенесары хан «Қазақ хандығын» Ресей империясы тек дербес мемлекет ретінде қабылдайды деп сенеді. Ол бірінші күннен бастап



көрші мемлекеттер Ресей империясымен, Қоқан, Бұхар және Хиуа хандықтарына дипломатиялық жолмен елшілер жіберіп достық жағдайда болғысы келеді.

Ал, XIX ғасырдың алғашқы ширегінде патша үкіметі Қазақ еліне әкімшілік-саяси жаңалықтар енгізуге кіріседі. 1822-жылы қабылдаған «Сібір қазақтары туралы Уставы» далалық басқару құрылымын түбірінен өзгертіп жібереді. Ресейдің ішкі аудандарынан әкелінген орыс шаруаларына жер тегіннен-тегін беріліп, қазақтардың дәстүрлі көшіп-қонатын жерлері тарылады. Ең құнарлы жерлерге Ресейден келген әскери қазақтарды қоныстандыру өріс алады. Кенесары ханның жазған хаттары жауапсыз қалады. Ресей патшасының шешімімен ешкімнің келісімінсіз қазақ жерлерін жаулап ала бастайды. Сондықтан Кенесары ханның отаршылдарға қарсы күрес бастаудан басқа амалы қалмайды. Елдің еркіндігі үшін «ереулі атқа ер салып, егеулі найза қолға алып халқын ұрыс даласына зеңбірікпен, от-қарумен қаруланған орыс әскеріне қарсы бастап шыққан Кенесары хан тағайындаған қолбасшы Ақжолтай Ағыбай батырдың ержүректілігі, баһадүрлігі және көрегендігі аңызға айналған. Ағыбай батыр көтерілістің басынан аяғына дейін қатысып, Кенесары ханға адал қызмет етеді. Мұрағат материалдарына, белгілі халық ақындарының жыр-дастандарына, басқа да тарихи деректерге жүгінер болсақ, Ағыбай батырдың қолбасшылық қызметінің, әсіресе 1837-1847 жылдары аралы-ғында асқан ерлік қимылдар көрсеткенінің куәсі боламыз.

Хан Кененің бастауымен Ағыбай батыр 1838-жылы 7-тамызда Ресей империясының Ақмоладағы тірек-орталығына шабуыл жасайды. Ол кезде Ақмола қаласын полковник Қоңырқұлжа Құдаймендин басқарады. Ағыбай батырдың шебер қолбасшылығы, батылдығы арқасында бұл қанды қырғын айқаста хан Кене сарбаздары қаланы басып алады. Қоңырқұлжа қалған солдаттарымен қашып құтылады. 1839-жылы 5-желтоқсанда Ақтау бекінісінен, Ташкентке хорунжий Рытов жасағы бастап бара жатқан керуенді Ағыбай мен Наурызбай батыр сарбаздары Қойлыбай Болат маңында тас-талқан етеді. Сонымен қатар Ақтау бекінісінің коменданты, әрі старшыны Семенов әскерлерін де қанға бөктіріп, бас сауғалап, қару-жарақтарын тастап қашуға мәжбүр етеді.

1841-жылы қыркүйек айында Кенесары хан кіші жүздің Шөмекей, Төртқара және Табын руларының ержүрек жігіттерінен жасақталған төрт мың адамдық әскерімен Ташкентке жабуыл жасайды. Кенесары ханға көмекке келген кіші жүз Әлім аталығынан Жанқожа батыр бастаған екінші қол Созақ, Жаңақорған, Сауран, Жүлет және Ақмешіт қамалдарындағы қоқандықтарды талқандайды, Қоқанға бағынышты қазақтарды Кенесары хан өзіне қосып, оларды Торғай даласына көшіреді. Бұл жеңіс Кенесары ханның беделін көтереді, ағалары Саржан мен Есенгелдінің әкесі Қасымның қоқандықтардан кегін алып, ел алдында зор беделге ие болады. Ал, жеңілген Қоқан ханы Кенесары ханға көп салық төлеп, қазақтарға тиісті жерді қайтарады.

Кенесары ханның алдын-ала жасаған жоспарына сай 1844-жылдың 20-тамызынан 21-маусымына қараған түнде Ағыбай батыр мен Ержан батыр Тобыл өзенінің жоғарғы сағасымен Ұлқояқ өзенінің бойында Ахмет Жантөриннің отрядын қоршап алып, толық жойып жібереді. Ұрыс барысында каншама сұлтандар қайтыс болады. Бұл полковник Дуниковский басқаратын ауыр зеңбіректі түрен болатын. Тамыз айының орта шенінде Ағыбай батыр мен Наурызбай батыр бастаған қол Екатерина бекінісіне шабуыл жасап, бекіністі басып алады.

1844-1846 жылдар аралығында Кенесары хан бастаған Ағыбай батырдың сарбаздары Ресей империясының әскерлеріне, бекіністеріне дүркін-дүркін шабуыл жасап, бірде сәтсіздікке ұшырап, бірде ойсырата жеңумен болады. Ауыр зеңбірік, оқты мылтықпен қаруланған патша әскерлеріне қарсы он жылдай соғысып, әлсіреп Кенесары хан мен Ағыбай батыр Көкшетау мен Қарқаралыдан көшіп Балқаш көліне, Тасарал, Қоржынтүбек (Приозерск), Мыңарал бойына қоныстанады. Осы жерде хан Кене арнаулы хат жазып өзінің елшісі Бекбатырды Қырғыз манабы Орманға жібереді. Ондағы мақсаты шудың бойынан Орман манаптан жер алып уақытша қыстап шығу, әл жинап, қол жинап сарбаздар қатарын толықтырып Ресей отаршылдарына қарсы соғысу еді. Қырғыз манабы Орман елші болып келген Бекбатырды он екі кісісімен қамауға алады. Содан соң Шу өзенінің терістік жақ бетіне өтіп, Байқара тауының бауырындағы Орта жүз – Қаракесек – Кәрсен, Кәрсеннің ішінде Наурызымбет (Қозыбақ) руына жататын атақты Андас әулиенің үлкен күмбезді тамын талқандап бұзып, жермен-жексен етеді. Ондағы ойы, қазақтар орыстармен соғысып халі нашарлап тұрғанда Шу өзенінің терiскей бетінен қазақтың жерін басып алып иемденіп кету.

*(соңы 3 бет.)*

*Жан жүрегім – Астана !*

# «АРМЫСЫҢ АРУ КҮН!»

2015 жылы шілде айының 3 жұлдызында КМҚК «Балақай» бөбекжайында Астана күнін атап өту мақсатында «Армысың ару күн!» атты эстафеталық сайыс өтті. Денсаулығымызға жауапкершілікпен бақшамыздың ортаңғы «Балдырған» және «Балдәурен» топтары қатысты. Қызықты да әрі тартымды өткен эстафеталық сайыста «Балдәурен» тобы намысты қолдан бермей жеңіске жетті. Топ бүлдіршіндері мақтау



қарап, басты байлық – денсаулық екенін ескере отырып, әрбір педагогтың алға қойған басты мақсаты да дені сау бала тәрбиелеп өсіру – ертеңгі болашаққа сеніммен қарау деген ойда өткізген эстафеталық сайысымыз: «Кім жылдам», «Жемістер жинау», «Орамал тағу», «Су тасу», «Сурет салу» секілді кезеңдерден балалар белсене бәсекеге түсті. Сайысқа балақағаздарымен марапатталып, жарыс соңында балалардың өздері жинап берген алма жемісінен аспазшы апайлар дайындаған сусындар таратылды.Эстафеталық жарысқа жиналған көрермендер де өз ризашылықтарын білдірді.

**Тамара Сагатова,**
«Балақай» бөбекжайының
дене шынықтыру нұсқаушысы




*Тұрғындардың назарына*

# ҚР «ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ» КОДЕКСІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР!

Қазақстан Республикасы Президентінің ҚР кейбір конституциялық заңдарына қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселесі бойынша өзгерістер енгізу туралы 09.04.2014 жылғы №278 санды өкіміне сәйкес, «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне бірқатар өзгерістер енгізілді.

Жаңа ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі */бұдан әрі Кодекс/* №235 – VҚРЗ 2014 жылы 5 шілдеде қол қойылып, 2015 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

Жалпы, Жаңа Кодекс - 5 бөлім, 53 тарау, 920 баптан тұрады.

Жаңа Кодекстің жалпы бөлімінде, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылық туралы заңнамасының кеністік тұрғысынан қолданылуы–Қазақстан Республикасының аумағында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлға осы Кодекс бойынша әкімшілік жауаптылыққа жатады.

ҚР ӘҚБтК-нің Ерекше бөлігінде көзделген құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекет әкімшілік жауаптылықтың негізі болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлға осы құқық бұзушылық жасалған уақытта қолданылған заңнаманың негізінде жауаптылыққа жатады.

ӘҚБтК-нің Ерекше бөлігінде көзделген іс –әрекеттің жүзеге асырылған уақыты, салдардың басталған уақытына қарамастан, әкімшілік жасалған уақыт деп танылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық деп - әкімшілік жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі */қасақана немесе абайсызда/* жасаған әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады.

*Әкімшілік құқық бұзушылықты қасақана жасау деп* – егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлға өзінің әрекетінің /әрекетсіздігінің/ құқыққа қарсы сипатын сезінсе, оның зиянды салдарын алдын ала білсе және осы салдардың туындауын қаласа немесе оған саналы түрде жол берсе не оларға немқұрайлы қараса, әкімшілік құқық бұзушылық қасақана жасалды деп танылады.

*Әкімшілік құқық бұзушылықты абайсызда жасау деп* – егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлға өз әрекетінің /әрекет-сіздігінің/ зиянды салдарының туындау мүмкіндігін алдын ала білсе, бірақ жеткілікті негізсіз олардың алдын алуға болады деп ұшқары ойласа не тиісті назар салған және көре білген жағдайда, олардың алдын алуға тиіс және солай өте алатын болса да осындай салдардың туындау мүмкіндігін алдын ала білмесе, әкімшілік құқық бұзушылық абайсызда жасалды деп танылады.

Кодекстің Ерекше бөлігінің баптарында көзделген құқықбұзушылықтар үшін, егер бұл құқық бұзушылықтар өзінің сипаты бойынша заңнамаға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса, әкімшілік жауаптылық туындайды.

*Жаңа Кодекстің 4 тарауында, әкімшілік жауаптылыққа жататын тұлғалар айқындалған. Әкімшілік жауаптылыққа:*

әкімшілік құқық бұзушылық аяқталған немесе оның жолын кескен кезде он алты жасқа толған, ақыл-есі дұрыс жеке тұлға;

заңды тұлға жатады.

*Әкімшілік жаза түрлері:*

1)ескерту жасау;

2)әкімшілік айыппұл;

3)әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысаны болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу;

4)арнайы құқықтан айыру;

5)рұқсаттан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау;

6)қызметті тоқтата тұру немесе оған тиым салу;

7)заңсыз тұрғызылып жатқан не тұрғызылатын құрылысты мәжбүрлеп бұзу;

8)әкімшілік қамауға алу;

9)шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу.

*Әкімшілік жазалар негізгі және қосымша болып бөлінеді.*

*Негізгі әкімшілік жазаларға* – ескерту жасау, әкімшілік айыппұл, әкімшілік қамауға алу жатады.

*Қосымша әкімшілік жазаларға* – арнайы құқықтан айыру, рұқсаттан айыру не оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау, қызметті не оның жекелеген түрлерін тоқтата тұрунемесе оған тиым салу, сондай-ақ шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды ҚР шегінен шығарып жіберу түріндегі жазалар жатады.

*Әкімшілік жаза мерзімдерін есептеу* – әкімшілік қамауға алу мерзімдері тәуліктермен, ал жеке немесе заңды тұлғаларға берілген арнайы құқықтарын айыру, сондай-ақ рұқсаттан айыру не оның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі жылдармен, айлармен немесе күнтізбелік күндермен есептеледі.

*Тұлға әкімшілік жазаға тартылады деп есептелетін мерзім* – әкімшілік құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жаза қолданылған тұлға әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындау аяқталған күннен бастап бір жыл ішінде осы жазаға тартылды деп есептеледі.

**Д. Нұрмұхан,**
*Приозерск гарнизоны*
*әскери прокурорының көмекшісі*
*әділет лейтенанты*

*Өткеннен – ұлағат*

# ТӘУІП ПЕН ӘЙЕЛІ ТУРАЛЫ ХИКАЯ



Көріпкел, әулие, тәуіп кісі айшылық алыс жерлерден келе жатқандарды қандай науқаспен, қашан келітінің алдын-ала біліп, әйеліне ас-су дайындатып күтеді екен. Оған келіп, ауруынан айққандардың сан-есебі болмапты. Бірде өзіне-өзі риза болып: «Әй, өзім де керемет тәуіппін ғой...»- деп асылық сөйлеп қойғанын байқамай қалыпты. Сонда әйелі: «Сенің кереметтігің менің де арқамда ғой» - дейді. Бұған тәуіп мырс етіп күлген де қойған.

Арадан күн өтпей тәуіп әйеліне бүгін кешке жын ұрған науқас келетінін, қазан көтеруін ескертеді. Сол күні кеште түйе жетелеген, арқанмен байланған науқасы бар кісілер үйге түсіп жатады. Әйелі үйдің ортасында қайнап жатқан қазандағы сорпаны сапырып тұрады. Байлаулы жындыны есіктен енгізгенде, «байлауын шеш»- деп бұйырады тәуіп. Өзі кітабын оқуға кіріседі. Байлаудан босаған жынды жан-жағын жапырып, қырғын салыпты. Ешкімге күш бермейді. Бұрын-соңды бұндай жағдай болмаған екен. Таң қалып, есі шыққан тәуіп оны қайта байлатады. Бірнеше рет оқығанымен, ештеңе шықпайды. Сонда ошақ басындағы әйелі қазанды тақылдатып, оның назарын аударады. Қараса, жары кимешегінің құлақ шетін ысырып, шашын көрсетіп қойған екен. Шалы көргесін, шашын жасырып, «енді бастай бер»- дегенді ыммен ұқтырады. Тәуіп қайта оқығанда, құтырынып жатқан жынды жуасып, моп-момақан күйге түседі. Ертесіне ауруынан айыққан жігітті алып, қонақтар алғыс айтып аттаныпты. Тәуіп болса, әйелінен кешірім сұрап, артық кеткенін мойындайды...

«Әйелдің әр түп шашында бір шайтан ұялайды»- дегенді есітіп өстік. Үй ішінде әйелдің шашын жасырып жүруінде тазалық (гигиена), иман барын байқауға болар еді бұл хикая желісінен. Әрі қандай мықты тәуіпке де білгірлік жаратқан иеден берілетінін, өзін-өзі мақтауды құдай да қаламайтынын, сабырлы, ұстамды болу қажеттігін, әйелдің ошақтағы ролін аңғаруға болатын шығар бұдан?..

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**

# ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ СОҢҒЫ ХАНЫ – КЕНЕСАРЫ ХАН

*(соңы. басы 2 бет.)*

Қазақ пен қырғыздың арасындағы соғыстың басталып кетуіне осылар себеп болады. 1847-жылы Кенесары хан қырғыздар жеріне басып кіріп, Қоқан хандығын қолдап отырған қырғыз манаптарына қарсы соғыс ашады. Соңғы шайқас болардың алдындағы түнде Рүстем төре мен Сыпатай батыр өз әскерлерін алып Кене ханнан қашып кеткен. Ол туралы ұлт-азаттық көтерілісті зерттеген көрнекті тарихшы ғалым Е.Бекмаханов кейін мұрағаттық деректерге сүйене отырып былай деп жазған болатын.

«Сыпатай батыр мен Рүстем төре түнде өздерінің 12000 әскерін бөліп алып, Шу өзенінің арғы жағына өтіп кеткен, кейін ол екеуі де осы әрекеттері үшін Ресей патшалығынан сыйсияпатын алған».

Сол соңғы соғыста Қоқан бектері өз әскерлерін Орман манаптың қарамағына бергендігі және олардан басқа патша әскерлері де болғаны анықталған.

Кенесары хан қазақ халқының тәуелсіздігін, бостандығын және қазақ хандығының территориялық тұтастығын сақтап қалу үшін, ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырып Ресей отаршылдарына қарсы соғысады. Осы жолда 1847-жылы Кенесары хан 45 жасында, ал Наурызбай батыр небәрі 25 жасында қаза болған. Көтеріліске қатысып, небір қан-төгіс соғыстардан аман қалған адамдар орыс әскерінің күшімен аяусыз жазаланады. Қырғыз Алатауынан қайтқан Ағыбай батырдың қолын Абакумов пен Черняев басқарған орыс әскері қоршап алып, зеңбіріктермен атқылайды. Көтеріліс біткен соң 1847-1849 жылдар аралығында Ағыбай батыр нағыз партизан соғысын ашып, орыс отаршылдарымен қан майданда тайсалмай соғысады. Осы жылдары Абакумов пен Черняевке ерген орыс әскерін үш рет шабады. Кенесары-Наурызбай кегі үшін қырғыз манабы Кәрібозбен соғысып, жекпе-жекте оны жеңіп, басын шабады. Кейін ақ патшадан Орта жүздің игі жақсыларының көмегімен кешірім алған Ағыбай батыр, Қарқаралыда орналасқан Ресей шенеуніктерінен алысырақ болғанды қалап, қазіргі Тасарал, Қоржынтүбек елді мекендерін қыс қыстауы, Тайатқан Шұнақты жаз жайлауы етеді. 1885-жылы Ағыбай батыр 83-ке қараған шағында қайтыс болып, Тайатқан Шұнақта арулап жерленеді. Тірі кезінде ісі аңызға, аты ұранға айналған батырдың өлгеннен кейін де қасиетті мазары кейінгі ұрпақтары үшін де киелі орынға айналады. Ол кісінің аруағы ауру адамдарға шипа болып, талай азаматтардың жолын ашқан.

Қазақтың соңғы ханы Кене мен Ағыбай батырдың ұрпаққа үлгі боларлық ерлік істерін кейінгі ұрпақ білуі керек және олар жүріп өткен жерді қадірлеп, өлі аруақтарға әрдайым тағзым ету керек.

Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!
Батырлар дүрілдеп өткен жер,
Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер
Ғашықтар бір-бірін өпкен жер.
Бас иіп, иіскеп топырағын,
Тағзым жасамай өтпеңдер! – деп Мұқағали Мақатаев жырлағандай Кенесары хан мен Ағыбай батырдың әруақтары Қазақ елінің халқын желеп-жебей берсін.

Мақалаға Жұмағұл Шөжентегінің Ақжолтай Ағыбай батыр кітабы арқау болған.

**Кеңесов Ж.К.**
*мемлекеттік мұрағат директоры*

# РАСПИСАНИЕ ДВИЖЕНИЯ ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ ПО СТ.САРЫШАГАН

| № п/п | Сообщение | Приб. | Ст. | Отпр. | Дни следован |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Алматы-2-Астана | 01.40 | 10 | 01.50 | ежедневно |
| 2 | Астана-Алматы-2 | 01.21 | 10 | 01.31 | ежедневно |
| 3 | Алматы-2-Астана | 22.44 | 16 | 23.00 | ежедневно |
| 4 | Астана-Алматы-2 | 22.56 | 15 | 23.11 | ежедневно |
| 9 | Алматы-1-Астана | 06.06 | 15 | 06.21 | ежедневно |
| 10 | Астана-Алматы-1 | 07.58 | 15 | 08.13 | ежедневно |
| 15 | Алматы-2-Петропавловск | 04.25 | 15 | 04.40 | нечетный |
| 16 | Петропавловск-Алматы-2 | 21.57 | 15 | 22.12 | четным |
| 43 | Алматы-1-Костанай | 06.30 | 15 | 06.45 | ежедневно |
| 44 | Костанай-Алматы-1 | 21.31 | 16 | 21.47 | ежедневно |
| 45 | Алматы-Павлодар | 23.41 | 35 | 00.16 | четным |
| 46 | Павлодар-Алматы | 19.14 | 15 | 19.29 | четный |
| 51 | Алматы-1-Караганда | 03.57 | 15 | 04.12 | ежедневно |
| 52 | Караганда-Алматы-1 | 01.41 | 15 | 01.56 | ежедневно |
| 55 | Кокшетау-Кызылорда | 09.27 | 15 | 09.42 | ежедневно |
| 56 | Кызылорда-Кокшетау | 21.21 | 15 | 21.36 | ежедневно |
| 75 | Кызылорда-Астана | 18.50 | 15 | 19.05 | нечетный |
| 76 | Астана-Кызылорда | 07.17 | 15 | 07.32 | нечетный |
| 80 | Астана-Шымкент | 06.05 | 15 | 06.15 | нечетным |
| 79 | Шымкент-Астана | 02.05 | 10 | 02.15 | четным |
| 85 | Астана-Сарыагаш | 17.15 | 18 | 17.33 | ежедневно |
| 86 | Сарыагач-Астана | 09.05 | 23 | 09.28 | ежедневно |
| 303 | Алматы-2-Свердловск | 04.13 | 15 | 04.28 | вт.чт. |
| 304 | Свердловск-Алматы-2 | 08.41 | 15 | 08.56 | пт.вс. |
| 305 | Свердловск-Бишкек | 08.41 | 15 | 08.56 | пн. сб |
| 306 | Бишкек-Свердловск | 04.13 | 15 | 04.28 | ср.сб. |
| 315 | Ташкент-Свердловск | 04.13 | 15 | 04.28 | воскресенье |
| 316 | Свердловск-Ташкент | 08.41 | 15 | 08.56 | среда |
| 373 | Алматы-2-Жезказган | 12.42 | 15 | 12.57 | пн.чт. |
| 374 | Жезказган-Алматы-2 | 02.49 | 15 | 03.04 | ср.сб. |
| 701 | Петропавловск - Алматы | 16.18 | 10 | | ежедневно |
| 702 | Алматы-Петропавловск | | 10 | 08.10 | ежедневно |
| 6892 | Чу-Сарышаган | 08.20 | | | еж. кр. сб. вс. и прзд. |
| 6891 | Сарышаган-Чу | | | 19.05 | еж. кр. вс. пн. и прзд. |
| 6898 | Сарышаган-Мойынты | 0:00 | | | еж. кр. сб, вс. и прзд. |
| 6897 | Мойынты-Сарышаган | | | 0:00 | еж. кр. сб. вс. и прзд. |

*Фитотерапия*

# ДОМАШНИЙ ЛЕКАРЬ

**Укроп** – известное растение, которое широко используется в пищевых целях, а также в медицине.

Укроп богат органическими кислотами: аскорбиновой, никотиновой, в его состав входит каротин, рибофлавин, витамин А. Листья укропа содержат клетчатку, эфирные масла. И листья, и семена богаты минералами: железом, калием, кальцием, фосфором.

Препараты укропа способствуют улучшению работы пищеварительного тракта, избавляют от запоров и метеоризмов, повышают аппетит, а также обладают спазмолитическими и успокаивающими свойствами, нормализуют обмен веществ.

Укроп рекомендуется употреблять людям, страдающим гипертоническими заболеваниями различной степени тяжести, поскольку он способствует расширению кровеносных сосудов и, как следствие, снижает кровеносное давление. Поэтому его нельзя употреблять в больших количествах при гипотонии, иначе возможны обмороки, проблемы со зрением и упадок сил.

Укроп обладает сильным мочегонным действием, поэтому применяют его люди, склонные к задержке жидкости в организме и страдающие мочекаменной болезнью. Еще укроп обладает отхаркивающим действием, поэтому он показан



при некоторых видах кашля. А противовоспалительные и антибактериальные свойства укропа нашли свое применение в полосканиях горла и ротовой полости, а также в борьбе с кожными гнойничковыми высыпаниями.

Полезен укроп и для молодых мамочек, поскольку улучшает лактацию. Для этого 1 ст. ложку семян укропа нужно залить 1 стаканом горячей воды и настоять 2 часа. Полученный настой процеживается и пьется по полстакана два раза в день или по 2 ст. ложки 6 раз в день.

**Источник:http://travzbor.ru/phytotherapy**

## ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

### ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

**Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.**

**Ждем Вас по адресу:**
**ул. Космонавтов, 5-107,**
**телефон: 5-50-81**
**Время работы:**
с 10.00 час. до 19.00час.
Выходной - Понедельник

**На маникюр и педикюр запись по телефону: 8-771-699-32-89**




**Магазин по ул.БСА 30-1. Два торг. зала: 20 кв.м и 10 кв.м. Складское помещение 13 кв.м. Сан.узел, холодная и горячая вода, счетчики. Отопление центральное.**
**Цена 25 000 у.е.**
**Торг уместен. Телефоны: 87054617098, 87788541589, 87051795301**

### УСЛУГИ

**Натяжные потолки, быстро и качественно. Тел. 87026988613, Мади**

### Магазин «МАГНАТ»

**(бут.№ 7), расположенный на Центральном рынке, приглашает покупателей, желающих приобрести качественный товар по привлекательным ценам! Только для Вас и только самые свежие модели популярных гаджетов, сотовых телефонов и аксессуаров к ним, а также различные электротовары и электроника! Мы работаем с казахстанскими банками и предоставляем товары в кредит! На весь товар имеется гарантия!**

### К СВЕДЕНИЮ АВТОМОБИЛИСТОВ!

**MPG-BOOST™** - катализатор к различным видам топлива (бензин, дизельное топливо, газ) для двигателей внутреннего сгорания, который способствует экономии топлива (от 7 до 15%) и снижению количества вредных веществ в выхлопных газах (до 70%).




**MPG-BOOST™** способствует:
- -уменьшению количества выбросов;
- -улучшению работы двигателя;
- -снижению шумов;
- -улучшению смазки клапанов;
- -уменьшению углерода и увеличению срока эксплуатации свечей;
- -усовершенствованию увлажнения;
- -снижению расхода топлива.

**По вопросам приобретения** об-ращаться по телефонам: **+7 (702) 604-02-60** или **+7 (707) 204-02-60 (возможно приобретение пробной дозировки).**

## ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

### АВТОМОБИЛИ, АВТОЗАПЧАСТИ

**Продам**

**Mitsubishi Space Runner**, 1992 г.в., Объем 1,8. Коробка механика. Есть запасная коробка. За 5,500 у.е. Торг уместен. **Обращаться по телефону: 87054617098, 87788541589, 87051795301**

***

**Mitsubishi Space Wagon**, 1997 г.в., светло-зеленый. Объем 2,0. Коробка механика, электропакет, 2SRS , круиз-контроль, кондиционер, 7 мест, ТО, налог. **Обращаться по телефону: 8707 204 02 60**

***

**блокөфара левая, б/у на Мазда- 626 (переходка)**
**Обращаться по телефону: 8707 204 02 60**

### НЕДВИЖИМОСТЬ

**Продам**

Приватизированную 2-комн. квартиру, с телефоном. Красивый вид на озеро с лоджии. Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж, не угловая.

Тел.8-701-481-44-11, 8-777-915-19-11

***

3-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д.3, кв.60. 6 этаж. Имеется 2 балкона, все окна пластиковые, квартира в хорошем состоянии, лифт работает. Цена договорная. Тел:8-701-481-47-98,8-747-950-51-80, дом тел:5-52-40. **Рассмотрим варианты!**

***

2-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д. 5, кв. 51. Первый этаж, имеется балкон. Квартира в хорошем состоянии. Цена договорная. Обращаться по **тел. 8702-786-58-82, 8778-853-87-97.**

***

3-комн. квартира. Или меняю на 2-комнатную с доплатой. **Тел. 87755749131 дом.5-33-64**

***

Приватизированная 2-комн. квартира, сделан кап.ремонт, без долгов, по ул. Агыбай батыра -4, кв.15 **тел.8-777-485-62-51**

***


**Собственник: ИП Бухарбаева А.А..**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г.Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ **№ 27/412** Тираж: 500 экз., объем- 1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru**

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041



*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*